

ӘОЖ 372.881.11

**БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН АҒЫЛШЫН ТІЛІН
ОҚЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**

Мұратжан Қасиет

bunnyhasyet@gmail.com

«Л.Г. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті», Шетел тілдерінің теориясы мен тәжірибесі кафедрасының 1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Е. Ниязова

Мас медианың дамуы ақпарат тарату тәсіліне төңкеріс әкеліп қана қойған жоқ, сонымен қатар заманауи медиа трендтердің жаңа дамуын жүзеге асыруда. Әсіресе онлайн БАҚ, сандық, мобилды, сенсорлық медиа сынды жаңа түрлері танымалдылыққа ие болды. Соған сәйкес бейне, цифрлы, аудиовизуалды техникалар өз артықшылығымен ерекшеленеді. Киркориан, Вартелла және Андерсон (2008) бұқаралық ақпарат құралдарының бүгінгі таңда адам өмірінде маңызды рөл атқаратынын растайды. «Медиа технологиясы адамдардың сыртқы әлемнен ақпаратты

кабылдуына, заттарды оңай түсінуіне, сыртқы әлемді тереңірек әрі тікелей зерттеуге» болады дейді [1]. Бүгінгі таңда ақпарат қабылдау күннен күнге оңтайланып, ақпарат іздеуші және пайдаланушыға қол жетімді болды. Ақпарат тарату тәсілдері алға ілгерлетті. Бұл сан салалы ғылымның даму үрдісінде өзіндік қозғаушы күш бола алды. Медиа технологияларды пайдалану заманауи білім саласында ықпал етті. Оқытудың динамикалық әдістердің индустрияландыру. Оқытудың тиімділігін арттыруға маңызды рөл атқарды, ағылшын тілін үйретуді осы медианың көмегіне сүйене отырып алып баруымызға тура келеді. Ендеше төменде ағылшын тілін оқытуда жүйелендіруде қолданылатын медиа технологияларының негізгі үлгілерімен олардың ерекшеліктеріне талдау жасап көреміз. Дәстүрлі ағылшын тілін оқытуда оқушының диктантты, оқу материалдары арқылы оқу ақпаратын студенттерге жеткізу кеңінен қолданылды, алайда оқу уақыты мен кеңістігі шектеулі болған. Студенттер оқыту талабы бойынша белгіленген уақытта, оқу аудиториясында білім алған. Сабақтан кейінгі бос уақыттарында оқу материалынан тыс кітаптарды оқу арқылы білім деңгейін көтерген.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми педагогикалық және арнайы әдебиеттерді теориялық талдау. Отандық және шетелдік ғалымдарды қарау. Бұл ғылыми жұмыста қолданылатын әдістер: жүйелеу әдісі, аналогиялық әдісі, дәстүрлі ағылшын тілін оқыту мен заманауи ағылшын тілін оқыту негізінде студенттердің ағылшын тілін оқуды үйрету әдістерін салыстырады.

Нәтижелер және талқылау

Ғылым техника ғарыштап дамыған мына заманда, ағылшын тілін бұқаралық ақпарат құралдарының көмегі негізінде оқыту өте маңызды рөл ойнауда. «Медиа-білім беру өте маңызды, өйткені ол студенттердің әр түрлі бұқаралық ақпарат құралдарынан студенттерге келетін суреттер, сөздер және дыбыстар олардың шығармашылық қабілеттерін арттырады» [2].

Бұқаралық ақпарат құралдарының қолданылуы тек жалпы оқыту сапасын көтеріп қана қоймай, жеке тұлғаның жан жақтылығы дамуына үлесі зор. Студент сабақтан тыс уақытта өзінің жетіспеген тұстарын медиа технологиясы арқылы жетілдіруіне әбден болады. Ағылшын тілі ана тіліміз болмағандықтан, көп жағдайда студенттердің ағылшын тілінде еркін сөйлеуі қиынға түседі. Бос уақытты ұтымды пайдаланып, онлайн сөйлеу курсына жазылып немесе You tube желісіндегі ағылшын тілін еркін сөйлеуге жаттықтыратын бейне материалдар арқылы өзінің әлсіз тұсын жетілдіруге студенттердің мүмкүндігі бар. Қазіргі таңда әлемде бейне материалдар жасау арқылы ағылшын тілін оқыту процессы жүзеге асуда.

Калифорниядағы кремни аңғарында 2010 жылы іске қосылған Udeуy платформасын мысал етіп алуымызға болады. Udeуy ол ересектер мен студенттерге арналған жаппай ашық онлайн курстардың комерциялық жеткізушісі болып табылады. Udeуy курсының дамыту құралдарын қолдана отырып, олар курстар құру үшін бейнелер, PowerPoint презентациялары, PDF файлдары, аудио, ZIP файлдары және тікелей сабақтарды жүктей алады. Бұл платформа тек ғана ағылшын тілін оқыту негіз етілмеген, деседі студенттер ағылшын тілінде қызыққан тақырыптағы мазмұнды көре алады. Бұл студенттердің бір жағына ағылшын тіл деңгейін көтеруіне енді бір жағына жүйелі білім толық информациясыз қабылдауына қозғаушы күш болмақ.


Қытайда ағылшын тілін оқыту барысында аудиторияда ағылшын тілі өз ана тілі болып табылатын оқытушы немесе ғалымдардың бейне материалдарын немесе аудио материалдарын студенттерге көрсету немесе тыңдату арқылы ағылшын тілін оқыту процессы алып барылуда. Қытай қазақтары патенттеген 2013-жылы құрылған Майкрасофт серіктігінің 7BILIM We chat шағын програмасын тілге тиек етүмізге болады. 7BILIM болса халықаралық ең озық оқу-ағарту технологияларымен идеяларын зерттеу арқылы, телефон, компьютер программаларында және телевизорда үйренуге болатын, үйрену өнімі ең жоғары болған білім беру жүйесі. 7BILIM ұнхат шағын програмасында жоғары техниканы қолданып, ең үздік ұстаздардың үйрену өнімділігі

жоғары болған ағылшын тіліндегі бейне сабақтарды жүктеп, шағын програма және 7BILIM онлайн білім беру текшесі арқылы халықтың қолданылуына беріледі. Төмендегі суретте көрсетілгендей:



(Сурет 7BILIM шағын програмасынан алынды)

2018-жылы іске қосылған ең жылдам дамып халықаралық сұранысқа ие болған Тик Ток қысқа бейне платформасы, ағылшын тілін студенттерге ең оңай тәсілмен үйрету құралы болып саналмақ. Бұл платформадан студенттер ағылшын сөздер, күнделікті тұрмыста қолданылатын сөйлемдер және грамматика үйрене алады, әрі тікелей эфир арқылы кері байланысқа шыға алады. Төмендегі суретте көрсетілгендей:



(Сурет интернеттен алынды)

Пандемия кезінде еліміздің білім саласы онлайн оқу форматына көшті. Оқушыларға ағылшын тілін MOOC, Teams, Zoom, Padlet, телевизор, ватцап арқылы оқытты. Оқушылар үйінде отырып ақ ағылшын тілі сабағын оқуды жүзеге асырды. Алайда жоғарыда айтылған барлық медиа технологияларында сервистік желідегі адам санның шектеулілігі, интернет әлсіздігі сияқты техникалық проблемалар туындауда.

Бұқаралық ақпарат құралдары мұғалімдерге студенттердің әртүрлі қажеттілігі мен мүделерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, олар студенттерге газет, журнал,

радио, теледидар, фильмдер, кітаптар және Интернетті пайдалану, оқу, жазу, сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамыту тапсырмалары сияқты көптеген тілдік жаттығулар ұсынады.

Медиа "ақпарат береді, қызықтырады, қорқытады, ашуға булықтырады, көңіл көтертеді, толқытады, бірақ әлде кімді өте сирек бей жай қалдырады"[3]. Бүгінгі таңда бір елдің әр түрлі саласының қарқынды дамуы бұқаралық ақпарат құралдарының көмегінен айырыла алмайды. Адамдардың өмірін бұқаралық ақпарат құралдарынсыз елестету мүмкін емес. Біз олар арқылы дүниені түкпір-түкпірінде болып жатқан сан мыңдаған мәліметтерді қабылдап отырмыз. Әсіресе білім саласында бұқаралық ақпарат құралдарының атқаратын рөлі зор. Алайда, оның көлеңке тұстары да аз емес. Оқытушылар мен студенттердің бұқаралық ақпарат құрал технологияларын толық меңгере алмауы. Білім саласында ескі бұқаралық ақпарат құрал технологияның қолданылу, жаңалану жылдамдығының баяу болуы. Ақпараттық дәуірдің басталуы және жаһандық интеграцияның дамуы қазіргі адамдарды бұқаралық ақпарат құралдарының ақпаратына көбірек тәуелді етті.

Қорытынды

Бүгінгі әлеуметтік желі технологиясы қарқынды дамып келеді, бірақ ағылшын тілінде білім беру мен оқыту тәжірибесінде медиа технологияны қолдану өте көп емес. Ағылшын тілін оқытуда біз әлемдегі ең озық жаңа медиа технологияларын пайдалануымыз керек. 3D технологиясын ағылшын тілі аудиториясына енгізсе, ағылшын тілі сабағы оқушыларға өте қызықты болады. «Қазіргі кезеңде жоғары оқу орындарында шет тілдерін оқыту сапасы жаңа буын технологияларын, атап айтқанда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізуге тікелей байланысты. Технологиялар және олардың дидактикалық мүмкіндіктерін оқу үрдісінде пайдалану». [4] Заманауи медиа технологияларды қолдану оқушылардың оқу деңгейін және қолдану қабілетін арттырып қана қоймай, сонымен қатар, студенттерге ағылшын тілін үйретуді ұйымдастыру үшін медиа-технологияларды пайдалану да студенттердің өз жетістіктеріне назар аударуына және шетел тілін өз бетінше меңгеру процесін көруге бағыттайтын керемет әдіс болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Heather L., Ellen A. and Daniel R. (2008). The Future of Children Vol. 18, No. 1, Children and Electronic Media.
2. Vilma Tafani. Volume 2 Number 1, 2009. Teaching english through mass media
3. Biagi Shirley (1996), Media Reader, Wadsworth, New York
4. O. Anyushenkova¹, O. Digtyar¹, E. Zakirova², N. Fomina¹, L. Esina¹"Modern technologies in teaching foreign languages to students of the digital generation". RUDN University, 2019